

Есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі N 279 Заңы.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР 03.07.2014 № 227-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

МАЗМҰНЫ

Осы Заң есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар айналымы саласындағы мемлекеттік саясаттың құқықтық негіздерін реттейді және олардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл шараларын белгілейді.

Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2014 № 227-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 30.06.2025 № 203-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) бөлшек сауда - дәрігердің рецепті бойынша жеке тұтыну үшін есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды даралап немесе шағын көлемде сату;
- 2) есірткілер – есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер ретінде жіктелген, оларды шектен тыс пайдаланғанда туындауы мүмкін зардаптарына байланысты халықтың денсаулығы үшін ықтимал қаупі бар, Қазақстан Республикасында бақылау жасалуға тиісті Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың тізіміне енгізілген өсімдіктер, заттар немесе препараттар;
- 3) есірткі заттар - Қазақстан Республикасының заңнамасына, 1961 жылғы Есірткі заттар туралы бірыңғай конвенцияға түзетулер жөніндегі 1972 жылғы Хаттамаға сәйкес енгізілген түзетулерімен қоса 1961 жылғы Есірткі заттар туралы бірыңғай конвенцияға сәйкес бақылау жасалуға жататын Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар тізіміне енгізілген шығу тегі синтетикалық немесе табиғи заттар;
- 4) Есірткі, психотроптық заттардың құрылымдық формулаларындағы сутегі, галогендер және (немесе) гидроксильді топтар атомдарын алмастырғыштар тізімі – сот сараптамасы органдары айқындайтын бір валентті немесе екі валентті атомдар немесе атом топтарының тізбесі;
- 5) есірткі, психотроптық заттармен және прекурсорлармен қамтамасыз ету нормативі (бұдан әрі - қамтамасыз ету нормативі) - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында сату үшін заңды

тұлғаларға рұқсат етілген белгілі бір есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар саны;

6) есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымы - құрамында есірткі бар өсімдіктерді егуге, жинауға және дайындауға, есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды әзірлеуге, өндіруге, өңдеуге, әкелуге, әкетуге, транзиттеуге, тасымалдауға, жөнелтуге, сатып алуға, сақтауға, бөлуге, сатуға, пайдалануға, жоюға байланысты Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес рұқсат етілген және бақылау жасалатын қызмет түрлері;

7) есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар айналымы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган - өзіне берілген құзырет шегінде есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар айналымы саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыратын және оны жүзеге асыруды үйлестіретін орган;

8) есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды әкелу мен әкету - есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың бір мемлекеттен екінші мемлекетке өткізілуі;

9) есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды дайындау - өндіруді қоспағанда, жүргізілуінің көмегімен есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың алынуы мүмкін барлық процестер, сондай-ақ есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың басқа есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларға айналдырылуы;

10) есірткі, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорлардың заңсыз айналымы - Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып жүзеге асырылатын есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар айналымы;

11) есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды өндіру - химиялық заттардан және (немесе) өсімдіктерден не басқа есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардан есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сериялап алуға бағытталған процесс;

12) есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды өңдеу - нәтижесінде тазартылатын (бөгде қоспалардан тазартылатын), препараттағы есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың концентрациясын арттыратын іс-әрекет, сондай-ақ олардың негізінде есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар болып табылмайтын заттар алу;

13) есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды пайдалану - есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды мақсатқа сай қолдану;

14) есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды тасымалдау мен жөнелту - тасымалдау тәсіліне және сақталатын орнына қарамастан Қазақстан Республикасы шегінде есірткі, психотроптық заттардың немесе прекурсорлардың орнын ауыстыру жөніндегі кез келген іс-әрекеттер;

15) есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды тұтыну нормативі (бұдан әрі - тұтыну нормативі) - нақты заңды тұлғалардың тұтынуы үшін қажетті, есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар айналымы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мәлімделген белгілі бір есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар мөлшері;

16) есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар транзиті - есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың бір мемлекеттен екінші мемлекетке үшінші мемлекеттің аумағы арқылы өткізілуі;

17) есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді теріс пайдалану (есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді заңсыз тұтыну) – есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді дәрігердің тағайындауынсыз қасақана заңсыз тұтыну;

17-1) есірткі, психотроптық зат тектестер – Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар тізіміне енгізілмеген, құрылымдық формулалары есірткі, психотроптық заттардың құрылымдық формулаларындағы бір немесе бірнеше сутегі, галогендер және (немесе) гидроксильді топтар атомдарын олардың алмастырғыштарына ауыстыру арқылы түзілген химиялық заттар;

18) Заңсыз айналымда жүргені анықталған есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестер мен прекурсорларды шағын, ірі және аса ірі мөлшерге жатқызу туралы жиынтық кесте – сот сараптамасы органдары айқындайтын және кейіннен әкімшілік не қылмыстық жауаптылықтың туындауына негіз болып табылатын, белгіленген (шағын, ірі, аса ірі) мөлшердегі есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар түрлерінің тізбесі;

19) көтерме сауда - есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың ірі топтарын сату;

20) Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар тізімі – халықаралық конвенциялар негізінде нөмірленген және тиісті кестелер мен тізімге біріктірілген, Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар тізбесі;

21) құрамында есірткі заттары бар өсімдіктерді өсіру - апиын көкнәрі мен сораны (каннабисті), халықаралық Конвенцияларға сәйкес Қазақстан Республикасында бақылау жасалуға жататын Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар тізіміне енгізілген, құрамында есірткі бар басқа да өсімдіктерді егу және өсіру;

22) құрамында есірткі, психотроптық заттар бар өсімдіктер терімі – халықаралық конвенцияларға сәйкес Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар тізіміне енгізілген, құрамында есірткі бар жабайы өсетін немесе егілетін өсімдіктерді жинау;

23) мамандандырылған емдеу-профилактикалық мекемелері - заңда белгіленген тәртіппен наркологиялық көмек көрсететін мекемелер (орталықтар, ауруханалар, диспансерлер, бөлімшелер немесе кабинеттер);

24) мәжбүрлеп емдеу - психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылығы (ауруы) бар адамды өз еркімен емделуден жалтарған немесе есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді медициналық емес мақсатта тұтынуды жалғастырған кезде сот шешімі негізінде жүзеге асырылатын стационарлық емдеу;

25) медициналық куәландыру - есірткіден мастану күйін анықтау мақсатында адамды амбулаториялық тексеру;

26) медициналық куәландырудан, медициналық зерттеп-қараудан немесе емдеуден жалтару – есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді теріс пайдаланушы адамның құқық қорғау органдары жұмыскерінің медициналық куәландыруға немесе зерттеп-қарауға қатысты өкімін қасақана орындамауы, сондай-ақ дәрігердің тағайындаулары мен ұсынымдарын орындамауы;

27) алып тасталды – ҚР 07.07.2020 № 361-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

28) алып тасталды – ҚР 07.07.2020 № 361-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

29) алып тасталды – ҚР 07.07.2020 № 361-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

30) өз еркімен емделу - психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтарын (ауруларын) науқастың немесе оның заңды өкілінің келісімімен жүзеге асырылатын емдеу;

31) прекурсорлар – есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өндіру, дайындау, қайта өңдеу кезінде пайдаланылатын, Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына, оның ішінде БҰҰ-ның 1988 жылғы Есірткі және психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес туралы конвенциясына сәйкес Қазақстан Республикасында бақылау жасалуға тиісті Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың тізіміне енгізілген заттар;

32) препарат – құрамында ілеспе заттар мен толықтырушылар (ұн, крахмал, қант және басқалары), сондай-ақ Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар тізіміне енгізілген бір немесе бірнеше есірткі, психотроптық заттар немесе прекурсорлар бар, кез келген физикалық күйдегі заттар қоспасы;

33) психотроптық заттар - Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына, соның ішінде 1971 жылғы Психотроптық

заттар туралы конвенцияға сәйкес бақылау жасалуға жататын Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар тізіміне енгізілген, шығу тегі синтетикалық немесе табиғи заттар;

33-1) сутегі, галогендер және (немесе) гидроксильді топтар атомдарын алмастырғыштар – есірткі, психотроптық зат тектестерді дайындау кезінде пайдаланылатын және Есірткі, психотроптық заттардың құрылымдық формулаларындағы сутегі, галогендер және (немесе) гидроксильді топтар атомдарын алмастырғыштар тізіміне енгізілген бір валентті немесе екі валентті атомдар немесе атом топтары;

34) уәкілетті органдар - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, өздеріне берілген құзырет шегінде есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар айналымына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар;

35) уытқұмарлық – есірткі, психотроптық заттардың, сол тектестердің әсеріне ұқсас психикалық елірме әсер туғызатын және Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар тізіміне енбейтін табиғаты әртүрлі заттарды шектен тыс пайдалану.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 2006.03.02 № 130 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), өзгерістер енгізілді - ҚР 03.07.2014 № 227-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 27.12.2018 № 205-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 07.07.2020 № 361-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.01.2025 № 150-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-бап. Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестер мен прекурсорларды жіктеу

1. Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар Қазақстан Республикасында бақылау жасалуға тиісті Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың тізіміне енгізіледі. Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың тізімі төрт кестеден және тізімнен тұрады.

Осы Заңның 18, 19, 20-баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, I кестеге Қазақстан Республикасының заңнамасына және БҰҰ-ның 1961 және 1971 жылдардағы халықаралық конвенцияларына сәйкес Қазақстан Республикасында айналымына тыйым салынған есірткі, психотроптық заттар енгізіледі.

II кестеге Қазақстан Республикасының заңнамасына және БҰҰ-ның 1961 және 1971 жылдардағы халықаралық конвенцияларына сәйкес айналымы шектеулі және қатаң бақылауда тұрған есірткі және психотроптық заттар енгізіледі.

III кестеге Қазақстан Республикасының заңнамасына және БҰҰ-ның 1961 және 1971 жылдардағы халықаралық конвенцияларына сәйкес айналымы бақылауда тұрған есірткі, психотроптық заттар енгізіледі.

IV кестеге Қазақстан Республикасының заңнамасына және БҰҰ-ның 1988 жылғы халықаралық Конвенциясына сәйкес айналымы бақылауда тұрған прекурсорлар енгізіледі.

Қазақстан Республикасында бақылауға жататын және ветеринарияда қолдануға рұқсат етілген, құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттардың тізіміне тиісті лицензиясы болған кезде диагностикалық, емдік және профилактикалық заттар ретінде пайдаланылуы мүмкін дәрілік препараттар енгізілген.

1-1. Затты Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар тізіміне енгізу мынадай негіздердің бірі бойынша:

БҰҰ-ның Есірткіні бақылау жөніндегі халықаралық комитетінен ұсынымдар келіп түскен кезде;

зат Еуразиялық экономикалық одақ елдерінде бақылауға жататын есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар тізімдерінде, тізбелерінде, кестелерінде болған кезде жүзеге асырылады.

1-2. Заттарды есірткі, психотроптық зат тектестерге жатқызу Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен сот сараптамасын жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

Заттың құрылымдық формуласының Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың құрылымдық формулаларымен арақатынасын белгілеу және осы құрылымдық формулада сутегі, галогендер және (немесе) гидроксильді топтар атомдарының бір немесе бірнеше алмастырғыштарының бар-жоғын айқындау сот сараптама нысаналары болып табылады.

1-3. БҰҰ-ның Есірткіні бақылау жөніндегі халықаралық комитетінің және Еуразиялық экономикалық одақ елдерінің бақылауында жоқ психикаға белсенді әсер ететін заттың айналымда жүргені анықталған жағдайда оны есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларға жатқызу 1961 жылғы Есірткі заттар туралы бірыңғай конвенцияға түзетулер жөніндегі 1972 жылғы Хаттамаға сәйкес енгізілген түзетулерімен қоса 1961 жылғы Есірткі заттар туралы бірыңғай конвенцияға сәйкес жүзеге асырылады.

2. Препараттарға қатысты олардың құрамындағы есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларға қатысты белгіленетін бақылау түрлері көзделеді. Егер препараттың құрамында бір емес, бірнеше есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар болса, оған неғұрлым қатаң бақылау шараларына жататын есірткі, психотроптық зат пен прекурсорға қолданылатындай бақылау қолданылады. Құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың аз мөлшері бар және оларды шектен тыс

пайдаланған жағдайда болмашы қауіп төндіретін және олардан аталған заттар оңай қолжетімді тәсілдермен алынуы мүмкін емес дәрілік препараттар осы Заңға сәйкес бақылауға жатпайды. Аталған препараттардың тізімін, оларды бақылаудан алу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

3. Есірткі, психотроптық зат тектестер құрылымы мен қасиеттері бойынша ұқсас есірткі және психотроптық заттар сияқты нақ сондай бақылау шараларына жатады.

Тектестердің мөлшерін айқындау кезінде өздері тектестері болып табылатын есірткі және психотроптық заттардың мөлшері қолданылады.

Ескерту. 2-бап жаңа редакцияда - ҚР 03.07.2014 № 227-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 27.12.2018 № 205-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

3-бап. Қазақстан Республикасының есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен оларды шектен тыс пайдалануға қарсы іс-қимыл шаралары туралы заңдары

1. Қазақстан Республикасының есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл шаралары туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделіп, осы Заң мен өзге де нормативтік құқықтық актілерден, сондай-ақ Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттардан тұрады.

2. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар осы Заңнан басым болады. Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылу тәртібі мен талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

Ескерту. 3-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.06.2025 № 203-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4-бап. Осы Заңның негізгі мақсаттары, міндеттері мен қағидаттары

1. Азаматтардың денсаулығын сақтау, есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер, прекурсорлар айналымы саласындағы қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимылды ұйымдастыру осы Заңның негізгі мақсаттары болып табылады.

2. Осы Заңның мақсаттарына қол жеткізу мынадай негізгі міндеттерді шешу арқылы іске асырылады:

1) есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар айналымын мемлекеттік бақылау;

2) есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар айналымын және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимылды мемлекеттік реттеу;

3) есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымы саласындағы қызметті лицензиялау;

4) мемлекеттік және өзге де органдардың қызметін ведомствоаралық және ведомствоішілік үйлестіру;

5) есірткі, психотроптық заттардың, сол тектестердің, прекурсорлардың заңсыз айналымының және олардың теріс пайдаланылуының жолын кесуге бағытталған жұмысты ұйымдастыру мен жүргізу міндеттерін кешенді түрде шешу;

6) есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді медициналық емес мақсатта тұтыну және сонымен байланысты құқық бұзушылықтар профилактикасын қамтамасыз ету;

7) есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді медициналық емес мақсатта тұтыну және сонымен байланысты құқық бұзушылықтар профилактикасы үшін әлеуметтік базаны кеңейту, оның ішінде қоғамдық, діни, халықаралық және басқа да ұйымдар мен азаматтарды ерікті негізде тарту арқылы кеңейту;

8) есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар айналымын мемлекеттік бақылау, олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық ынтымақтастықты нығайту.

3. Осы Заң мынадай негізгі қағидаттарға негізделеді:

1) адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, өмір мен денсаулықты қорғау басымдығын қамтамасыз ету;

2) заңдылықты сақтау;

3) Қазақстан Республикасының есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдалануға қарсы іс-қимыл шаралары туралы заңнамасын бұзғаны үшін жазаның бұлтартпастығы;

4) есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар айналымы саласында насихатқа тыйым салу және жарнаманы шектеу.

Ескерту. 4-бап жаңа редакцияда – ҚР 30.06.2025 № 203-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2-тарау. Есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер, прекурсорлар айналымы саласындағы қызметті мемлекеттік реттеу мен ұйымдастыру және олардың заңсыз айналымы мен шектен тыс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл

5-бап. Есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер, прекурсорлар айналымы мемлекеттік реттеу және олардың заңсыз айналымы мен шектен тыс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары

Ескерту. 5-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2014 № 227-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар айналымын мемлекеттік реттеу және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары осы Заңға, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар айналымы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган тиісті мемлекеттік органдармен келісу бойынша әзірлеген есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар айналымы және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл саласына қатысушы заңды тұлғалар қызметінің тәртібін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерді бекітеді.

1-1. Қазақстан Республикасының Үкіметі есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар айналымы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган уәкілетті органдармен келісу бойынша әзірлеген Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар тізімін, Заңсыз айналымда жүргені анықталған есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестер мен прекурсорларды шағын, ірі және аса ірі мөлшерге жатқызу туралы жиынтық кестені және Есірткі, психотроптық заттардың құрылымдық формулаларындағы сутегі, галогендер және (немесе) гидроксильді топтар атомдарын алмастырғыштар тізімін бекітеді, сондай-ақ оларды қалыптастыру тәртібін айқындайды.

2. алып тасталды

3. Есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар айналымы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган мынадай негізгі функцияларды орындайды:

1) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

2) Алынып тасталды - ҚР 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3) есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымына мемлекеттік бақылау жасауды және олардың заңсыз айналымы мен шектен тыс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шараларын жүзеге асыруды ұйымдастырады;

4) денсаулық сақтау органдарына есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар айналымы және олардың теріс пайдаланылуы саласындағы қызметті реттеу бойынша психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдарға медициналық-әлеуметтік көмек ұйымдастыруда және оны көрсету кезінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілдігін қамтамасыз етуде жәрдемдеседі;

5) Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар тізімін, Заңсыз айналымда жүргені анықталған есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестер мен прекурсорларды шағын, ірі және аса ірі мөлшерге жатқызу

туралы жиынтық кестені және Есірткі, психотроптық заттардың құрылымдық формулаларындағы сутегі, галогендер және (немесе) гидроксильді топтар атомдарын алмастырғыштар тізімін әзірлейді;

6) алып тасталды – ҚР 30.06.2025 № 203-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

7) уәкілетті органдармен бірлесе отырып, мемлекеттің есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларға деген қажеттілік нормаларын анықтайды;

8) қолданыстағылармен салыстырғанда есірткілік әсері кемірек, неғұрлым тиімді, қаупі төменірек есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар әзірлеу және енгізу процесін бақылайды;

9) Қазақстан Республикасына арналған халықаралық квоталарды БҰҰ-ның Есірткіні бақылау жөніндегі халықаралық комитеті бекіту үшін Республиканың есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларға деген қажеттілік нормаларын Үкіметке ұсынады.

10) алынып тасталды - ҚР 13.01.2014 № 159-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

11) алынып тасталды - ҚР 13.01.2014 № 159-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

12) қызметі есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді медициналық емес мақсатта тұтыну профилактикасымен байланысты қоғамдық ұйымдардың, қауымдастықтардың жұмысын үйлестіреді;

13) есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар айналымы және олардың заңсыз айналымы мен шектен тыс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

14) денсаулық сақтау саласындағы есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымымен байланысты қызметтер түрлерінен басқа, есірткі, психотроптық заттар және прекурсорлар айналымы саласындағы қызмет түрлерін лицензиялауды жүзеге асырады;

15) алып тасталды

16) Қазақстан Республикасының есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымын реттейтін заң актілерін және өзге де нормативтік құқықтық актілерді бұзғаны үшін заңды және жеке тұлғаларды жауапкершілікке тарту жөнінде тиісті органдарға ұсыныстар енгізеді;

17) алынып тасталды - ҚР 13.01.2014 № 159-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

18) мемлекеттік органдарға және өзге де ұйымдарға есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымы саласында Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтарды жою жөнінде ұсыныстар, нұсқамалар енгізеді;

19) алып тасталды – ҚР 30.06.2025 № 203-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

20) есірткінің, психотроптық заттардың, сол тектестердің, прекурсорлардың заңсыз айналымына және олардың теріс пайдаланылуына қарсы күресті, оның ішінде Жерді қашықтан зондтау деректерін пайдалана отырып үйлестіреді;

21) есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар айналымы саласындағы мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың қызметіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

22) алып тасталды – ҚР 30.06.2025 № 203-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

23) өз құзыреті шегінде есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар айналымы саласында инвестициялар, техникалық көмекті тартуды және олардың мақсатқа сай пайдаланылуына бақылауды және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимылды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады;

23-1) осы Заңның мақсаттары мен міндеттеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар айналымы саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

24) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 5-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2002.05.31 № 327, 2004.12.20 № 13 (01.01.2005 бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.03.02 № 130 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.01.2014 № 159-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 03.07.2014 № 227-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 08.04.2016 № 490-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2018 № 205-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 07.07.2020 № 361-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 21.12.2022 № 167-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2025 № 203-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

6-бап. Есірткі, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымын мемлекеттік бақылау және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары

1. Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымын мемлекеттік бақылауды Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қызметкері (

қызметкерлері) бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру нысанында жүзеге асырады.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру жүргізу тәртібі осы Заңның 6-1-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарының:

1) есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға;

2) есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру мақсатында меншік нысанына қарамастан, есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы үшін пайдаланылатын кез келген үй-жайларға баруға;

3) құрамында Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар тізіміне енгізілген есірткі заттары бар өсімдіктер өсірілетін жер учаскелеріне қарап-тексеру жүргізуге;

4) құрамында есірткі заттары бар өсімдіктерді жою мақсатында арнайы құрылған бөлімшелермен іс-шаралар жүргізуге;

5) есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымына байланысты қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалардан есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың сапасын сипаттайтын техникалық құжаттаманы, сондай-ақ оларға сараптама жүргізу үшін көрсетілген өнімнің техникалық негізделген мөлшердегі үлгілерін алуға;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласында анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалар беруге;

7) алып тасталды – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

8) Қазақстан Республикасының есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымын реттейтін заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерін бұзғаны үшін жеке және заңды тұлғаларды жауапқа тарту жөнінде тиісті органдарға ұсыныс енгізуге құқығы бар.

Ескерту. 6-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.07.17. № 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.01.06 № 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.10.2015 № 376-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2018 № 205-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

6-1-бап. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру жүргізу тәртібі

1. Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымын тексеру бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы жүргізіледі.

2. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру:

1) Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары жүргізетін жедел-профилактикалық іс-шаралар;

2) өтініш берушінің берілген лицензия және (немесе) лицензияға қосымша бойынша біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестігін бақылау (бұдан әрі – өтініш берушінің біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестігін тексеру);

3) өтініш берушінің біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестігін тексеру қорытындылары бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалардың орындалуын бақылау;

4) мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласында белгіленген талаптарды нақты бұзушылық фактілері бойынша жолданымдары негізінде жүзеге асырылады.

3. Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары қызметкерінің (қызметкерлерінің) бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру жүргізу кезінде:

1) осы баптың 9-тармағында көрсетілген құжаттарды көрсеткен кезде тексеру нысанасына сәйкес бақылау субъектісінің (объектісінің) аумағына және үй-жайларына кедергісіз кіруге;

2) құжаттарды (мәліметтерді) бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру нәтижелері туралы актіге қоса тіркеу үшін қағаз және электрондық жеткізгіштерде не олардың көшірмелерін және анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманы алуға, сондай-ақ мемлекеттік құпияларды және Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын құпияны құрайтын ақпаратты қоспағанда, тексеру нысанасына сәйкес автоматтандырылған дерекқорларға (ақпараттық жүйелерге) қол жеткізуге;

3) аудио-, фото- және бейнетүсірілімді жүзеге асыруға;

4) мемлекеттік органдардың, ведомстволық бағынысты және өзге де ұйымдардың мамандарын, консультанттары мен сарапшыларын тартуға құқығы бар.

4. Бақылау субъектілері бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру жүргізу кезінде:

1) Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының тексеру жүргізу үшін келген қызметкерін (қызметкерлерін) мынадай:

осы баптың 9-тармағында көзделген құжаттар болмаған;

бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді тағайындау туралы актіде көрсетілген, осы бапта белгіленген мерзімдерге сәйкес келмейтін мерзімдер асып кеткен не өтіп кеткен жағдайларда тексеруге жібермеуге;

өздерінің мүдделері мен құқықтарын білдіру, сондай-ақ үшінші тұлғалардың тексеруді жүзеге асыру процесін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары қызметкерінің (қызметкерлерінің) тексеру шеңберінде жүргізетін жекелеген әрекеттерін ішкі істер органдары қызметкерінің (қызметкерлерінің) қызметіне кедергі келтірмей аудио- және бейнетехника құралдарының көмегімен тіркеп-белгілеуді жүзеге асыруы мақсатында үшінші тұлғаларды тексеруге қатысу үшін тартуға;

2) бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру нәтижелері туралы актіге, анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамаға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасауға құқылы.

5. Бақылау субъектілері бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру жүргізу кезінде:

1) Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары қызметкерінің (қызметкерлерінің) бақылау субъектісінің (объектісінің) аумағына және үй-жайларына кедергісіз кіруін қамтамасыз етуге;

2) құжаттарды (мәліметтерді) Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қызметкеріне (қызметкерлеріне) бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру нәтижелері туралы актіге қоса тіркеу үшін қағаз және электрондық жеткізгіштерде не олардың көшірмелерін және мемлекеттік құпиялар және Қазақстан Республикасының заңымен қорғалатын өзге де құпия туралы талаптарды сақтай отырып, анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманы ұсынуға;

3) тексеру аяқталған күні бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру нәтижелері туралы актінің және анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманың екінші данасына алғаны туралы белгі қоюға;

4) тексеру жүргізу кезеңінде бақылау субъектілерінің (объектілерінің) тексерілетін құжаттарына (мәліметтеріне) өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жол бермеуге;

5) тексеру жүргізуге келген адамдардың осы объект үшін белгіленген нормативтерге сәйкес зиянды және қауіпті өндірістік әсер ету факторларынан қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндетті.

6. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді тағайындау туралы актінің негізінде жүзеге асырылады.

7. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру осы баптың 8-тармағында өзгеше көзделмесе, бақылау субъектілерін алдын ала хабардар етпестен және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді тағайындау туралы актіні тіркеместен, оны кейіннен келесі жұмыс күні ішінде өз құзыреті шегінде мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органға ұсына отырып жүргізіледі.

8. Өтініш берушінің біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестігін бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру бақылау субъектілерін алдын ала

хабардар етпестен және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді тағайындау туралы актіні өз құзыреті шегінде мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органда тіркеместен жүргізіледі.

9. Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қызметкері (қызметкерлері) бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру кезінде:

1) бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді тағайындау туралы актіні;

2) қызметтік куәлігін көрсетуге міндетті.

10. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді тағайындау туралы актіде мыналар көрсетіледі:

1) актінің күні мен нөмірі;

2) мемлекеттік органның атауы;

3) Қазақстан Республикасы ішкі істер органының тексеру жүргізуге уәкілеттік берілген қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) және лауазымы;

4) болған жағдайда, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың тексеру жүргізу үшін тартылатын мамандары, консультанттары мен сарапшылары туралы мәліметтер;

5) өзіне қатысты тексеру жүргізу тағайындалған бақылау субъектісінің атауы, оның тұрған жері, сәйкестендіру нөмірі, объектілердің тізбесі, аумақтың учаскесі;

6) тағайындалған тексерудің нысанасы;

7) тексеру жүргізу мерзімі;

8) тексеру жүргізу негіздері, оның ішінде Қазақстан Республикасының міндетті талаптары тексерілуге жататын нормативтік құқықтық актілері;

9) тексерілетін кезең;

10) бақылау субъектісінің осы бапта көзделген құқықтары мен міндеттері;

11) Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының актілерге қол қоюға уәкілеттік берілген қызметкерінің қолтаңбасы, Қазақстан Республикасының ішкі істер органының мөрі;

12) заңды тұлға басшысының не оның уәкілетті адамының бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді тағайындау туралы актіні алғаны туралы немесе арудан бас тартқаны туралы қолтаңбасы.

11. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді тағайындау туралы акт тексеруді тағайындаған Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексерулерді тіркеу журналында тіркеледі.

12. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру жүргізу мерзімі алдағы жұмыстардың көлемі, қойылған міндеттер ескеріле отырып белгіленеді және бес жұмыс күнінен аспауға тиіс.

13. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру жүргізу мерзімін Қазақстан Республикасы ішкі істер органының басшысы не оны алмастыратын адам күрделі және (немесе) ұзақ сараптамалар жүргізу қажет болған жағдайда ғана тек бір рет ұзарта алады.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді ұзарту мерзімі сараптама нәтижелері алынған күннен бастап үш жұмыс күнінен аспауға тиіс.

14. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру жүргізу мерзімін ұзарту тексеруді ұзарту туралы қосымша актімен ресімделеді.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру мерзімін ұзарту туралы қосымша актіде бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді тағайындау туралы алдыңғы актінің тіркелген күні, нөмірі және ұзартудың себебі көрсетіледі.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру мерзімін ұзарту туралы хабарлама бақылау субъектісіне мерзім ұзартылардан бір жұмыс күні бұрын табыс ету туралы хабарламамен бірге табыс етіледі.

15. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді тағайындау туралы акт бақылау субъектісіне не оның уәкілетті адамына табыс етілген күн бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру жүргізудің басталуы деп есептеледі.

16. Бақылау субъектісінің не оның уәкілетті адамының бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді тағайындау туралы актіні қабылдаудан бас тартуы не бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру жүргізуге қажетті материалдар мен мәліметтерді ұсынбауы Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары қызметкерінің (қызметкерлерінің) бақылау объектісіне кіруіне кедергі болмайды.

17. Қазақстан Республикасы ішкі істер органының тексеруді жүзеге асыратын қызметкері (қызметкерлері) бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру нәтижелері бойынша бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру нәтижелері туралы акт және анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама жасайды.

Тексеру нәтижелері туралы актінің және анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманың бірінші данасы электрондық нысанда өз құзыреті шегінде мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органға және оның аумақтық органдарына тапсырылады, екінші данасы бақылау субъектісінде (объектісінде) түпнұсқада болатын құжаттардың көшірмелерін қоспағанда, қосымшалардың көшірмелерімен бірге қағаз жеткізгіште қолын қойғызып немесе электрондық нысанда бақылау субъектісіне (заңды тұлғаның басшысына не оның уәкілетті адамына) танысу және анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде шаралар қабылдау және басқа да әрекеттер жасау үшін беріледі, үшінші данасы Қазақстан Республикасының тексеру жүргізген ішкі істер органдарында қалады.

18. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру нәтижелері туралы актіде мыналар көрсетіледі:

- 1) актінің жасалған күні, нөмірі, уақыты және орны;
- 2) мемлекеттік органның атауы;
- 3) бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді тағайындау туралы актінің күні мен нөмірі;
- 4) Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының тексеру жүргізген қызметкерінің (қызметкерлерінің) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) және лауазымы;
- 5) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың тексеру жүргізу үшін тартылатын мамандары, консультанттары мен сарапшылары туралы мәліметтер;
- 6) өзіне қатысты тексеру жүргізу тағайындалған бақылау субъектісінің атауы, оның тұрған жері, сәйкестендіру нөмірі, объектілердің тізбесі, аумақтың учаскесі;
- 7) тексеру жүргізілген күн, орын және кезең;
- 8) тексеру нәтижелері туралы, оның ішінде анықталған бұзушылықтар, олардың сипаты туралы мәліметтер;
- 9) бақылау субъектісінің немесе оның уәкілетті адамының актімен танысқаны немесе танысудан бас тартқаны туралы мәліметтер, олардың қолтаңбалары немесе қол қоюдан бас тартуы, сондай-ақ жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша ескертулердің және (немесе) қарсылықтардың бар-жоғы туралы белгі;
- 10) Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының тексеру жүргізген қызметкерінің (қызметкерлерінің) қолтаңбасы.

19. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру жүргізу кезінде есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымы саласында белгіленген талаптарды бұзушылықтар болмаған жағдайда, бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру нәтижелері туралы актіде тиісті жазба жасалады.

20. Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары өткізілетін жедел-профилактикалық іс-шаралар шеңберінде бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру қорытындылары бойынша бақылау субъектісінің (объектісінің) есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымы саласында белгіленген міндеттерді орындамау және (немесе) тиісінше орындамау фактілерін анықтаған жағдайларда Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қызметкері (қызметкерлері) өкілеттіктері шегінде бақылау субъектісін (объектісін) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа тарту бойынша шаралар қабылдайды.

21. Өтініш берушінің біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізу кезінде бұзушылықтар анықталған жағдайда, тексеру аяқталғаннан кейін бақылау субъектісіне анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама табыс етіледі.

22. Анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамада көрсетілген анықталған бұзушылықтарды жою мерзімдері оны орындаудың нақты мүмкіндігіне әсер ететін

мән-жайлар ескеріле отырып, бірақ анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама табыс етілген күннен бастап күнтізбелік отыз күннен асырылмай айқындалады.

Бақылау субъектісі анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамада айқындалған мерзім аяқталғаннан кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының нұсқаманы берген ішкі істер органына бұзушылықтың жойылу фактісін дәлелдейтін материалдарды қоса бере отырып (қажет болған кезде), анықталған бұзушылықтардың жойылғаны туралы ақпаратты жіберуге міндетті.

23. Егер анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалардың орындалуы бойынша бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру жүргізу нәтижесінде бақылау субъектісінің (объектісінің) есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымы саласында белгіленген міндеттерді орындамау және (немесе) тиісінше орындамау фактілері анықталса, Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қызметкері (қызметкерлері) өкілеттіктері шегінде бақылау субъектісін (объектісін) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жауаптылыққа тарту бойынша шаралар қабылдайды.

24. Анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамада мыналар көрсетіледі:

- 1) нұсқаманың жасалған күні, уақыты және орны;
- 2) Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының тексеруді жүргізген қызметкерінің (қызметкерлерінің) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) және лауазымы;
- 3) өзіне қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру жүргізу тағайындалған бақылау субъектісінің атауы, бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру жүргізу кезінде қатысқан уәкілетті адамның лауазымы (бар болған кезде);
- 4) тұрған жері көрсетіле отырып, бақылау объектісі;
- 5) бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру нәтижелері туралы актінің күні мен нөмірі;
- 6) анықталған бұзушылықтардың тізбесі және анықталған бұзушылықтарды жою мерзімі көрсетіле отырып, оларды жою туралы талаптар;
- 7) бақылау субъектісінің немесе оның уәкілетті адамының нұсқамамен танысқаны немесе танысудан бас тартқаны туралы мәліметтер, олардың қолтаңбалары немесе қол қоюдан бас тартуы;
- 8) Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының тексеру жүргізген қызметкерінің (қызметкерлерінің) қолтаңбасы.

25. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру нәтижелері бойынша ескертулер және (немесе) қарсылықтар болған жағдайда, бақылау субъектісі оларды жазбаша түрде баяндайды және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы

тексеру нәтижелері туралы актіні және анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманы алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының тексеруді жүргізген ішкі істер органына жібереді.

26. Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары бақылау субъектісінің бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру нәтижелері туралы актіге және анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамаға, әкімшілік ықпал ету шараларына ескертулерін және (немесе) қарсылықтарын қарауға және отыз жұмыс күні ішінде қабылданған шаралар туралы уәжді жауап беруге тиіс.

27. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру нәтижелері туралы актіні және анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманы қабылдаудан бас тартылған жағдайда хаттама жасалады, оған Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының тексеруді жүзеге асырған қызметкері, бақылау субъектісінің басшысы не оның уәкілетті өкілі қол қояды.

28. Бақылау субъектісі бас тарту себебі туралы жазбаша түсініктеме бере отырып, хаттамаға қол қоюдан бас тартуға құқылы.

29. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру нәтижелері туралы актіні және анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманы бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді тағайындау туралы актіде (бар болса, тексеру мерзімін ұзарту туралы қосымша актіде) көрсетілген тексерудің аяқталу мерзімінен кешіктірмей бақылау субъектісіне табыс ету күні бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру және өтініш берушінің біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестігін тексеру мерзімінің аяқталуы болып есептеледі.

30. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру нәтижелері туралы актіге және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамаға Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен жоғары тұрған әкімшілік органға, лауазымды адамға шағым жасалуы мүмкін.

31. Жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам немесе сот жарамсыз деп таныған бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру нәтижелері туралы акт және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама бақылау субъектісінің (объектісінің) есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымы саласында белгіленген талаптарды бұзуының дәлелі бола алмайды.

32. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексерулерді ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын талаптарды бұзушылықтарға:

1) бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру жүргізу негіздерінің болмауы;

2) бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді тағайындау туралы актінің болмауы;

3) Қазақстан Республикасы ішкі істер органының құзыретіне кірмейтін мәселелер бойынша бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді тағайындау;

4) бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру жүргізудің осы бапта көзделген мерзімін бұзу жатады.

Ескерту. 6-1-баппен толықтырылды – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

7-бап. Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымы саласындағы қызметті лицензиялау

1. Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымы саласындағы қызметтің барлық түрлерін, осы Заңның 19, 20-баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, бес жылға дейінгі мерзімге қызметтің нақты түріне лицензия алғаннан кейін заңды тұлғалар жүзеге асырады.

2. Алып тасталды - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3. Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымына байланысты қызмет түріне лицензия берген кезде өзінің қызметтік міндеттерінің арқасында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар тікелей қолында болатын қызметкерлердің тиісінше тексерілгені туралы ішкі істер органдарының қорытындысы ескеріледі.

Өзінің қызметтік міндеттеріне қарай есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларға тікелей қолжетімділік алатын жұмыскерлерге психиатр және нарколог дәрігерлердің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен, психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтарының (ауруларының) жоқ екендігі туралы, сондай-ақ олардың арасында жекелеген кәсіптік қызмет түрлерін және қауіптілігі жоғары көздермен байланысты қызметті орындауға жарамсыз деп танылған адамдардың жоқ екендігі туралы қорытындылары қажет.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі арнайы бақылаудағы және есірткі, психотроптық заттарды өндіру мен дайындау үшін пайдаланылатын аспаптардың, жабдықтардың тізбесін, сондай-ақ оларды әзірлеу, өндіру, дайындау, сақтау, тасымалдау, жөнелту, босату, сату, бөлу, сатып алу, пайдалану, Қазақстан Республикасының аумағына әкелу, Қазақстан Республикасының аумағынан әкету ережелерін белгілейді.

Ескерту. 7-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.03.02 № 130 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.07.2020 № 361-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

8-бап. Мемлекеттік квоталар

1. Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар тізіміне енгізілген есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларға

мемлекеттік квота – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын қажеттілік есебі, лицензиясы бар заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес олардың айналымын осы қажеттілік шегінде жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік квота Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітіледі. Мемлекеттік квота заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келесі күнтізбелік жылға өтінім жасаған белгілі бір есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар мөлшерін қамтиды.

3. Заңды тұлғалар келесі күнтізбелік жылға арналған тұтыну нормативін бекітуге өтінімдерді уәкілетті органдарға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұсынады.

4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды өңдеуді не құрамында есірткі, психотроптық заттар мен (немесе) прекурсорлар бар препараттар немесе дәрілік заттар өндіруді жүзеге асыратын заңды тұлғалар:

1) есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар айналымы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға келесі күнтізбелік жылға арналған тұтыну нормативін бекітуге өтінімдерді ұсынады;

2) қамтамасыз ету нормативіне сәйкес есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды сатуды жүзеге асырады.

5. Уәкілетті органдар келесі күнтізбелік жылға арналған жиынтық тұтыну нормативін бекіту үшін есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға жинақтап қорытылған өтінімдерді жыл сайын ағымдағы жылдың 1 сәуіріне дейін ұсынады.

6. Есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар айналымы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган:

1) заңды тұлғалардың тұтыну нормативтері өтінімдерінің негізділігін тексереді;

2) бекітуге өтінім жасаған тұтыну нормативтерін жинақтайды және есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың аталған тұтыну нормативтерін бекіту үшін Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізеді;

3) есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымын жүзеге асыратын бақылаудағы заңды тұлғаларға қамтамасыз ету нормативтерін бөледі.

7. Қамтамасыз ету нормативін үлестік бөлу Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар тізіміне енгізілген барлық есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларға, сондай-ақ есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымын жүзеге асыратын заңды тұлғалар мәлімдеген, құрамында көрсетілген заттар бар өнімдерге қатысты жүзеге асырылады.

Ескерту. 8-бап жаңа редакцияда - ҚР 2006.03.02 № 130 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 27.12.2018 № 205-VI (алғашқы

ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

9-бап. Жаңа есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды әзірлеу

1. Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды әзірлеу қолда бар есірткілермен салыстырғанда неғұрлым тиімді, неғұрлым қауіпсіз және оңай бақыланылатын жаңа есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар жасауды мақсат етеді.

2. Есірткі және психотроптық дәрілік заттарды әзірлеуді қызметтің осы түріне лицензиясы бар мемлекеттік ғылыми-зерттеу мекемелері жүзеге асырады. Медициналық және ғылыми мақсаттарда пайдалануға арналған жаңа ықтимал есірткі және психотроптық дәрілік заттарды клиникаға дейін және клиникада сынақтан өткізу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мамандандырылған емдеу-профилактикалық мекемелері (ұйымдары) мен ғылыми-зерттеу институттарында жүзеге асырылады.

3. Медициналық және ғылыми мақсаттарда пайдаланылатын есірткі, психотроптық заттарды, прекурсорларды тіркеу барлық дәрілік заттарға қолданылатын және нормативтік құқықтық актілерде белгіленген ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.

10-бап. Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды өндіру, дайындау, өңдеу

1. Қазақстан Республикасының аумағында медициналық қолдануға рұқсат етілген есірткі және психотроптық дәрілік заттарды өндіруді, дайындауды, өңдеуді сол қызмет түріне лицензиясы бар, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен тіркелген заңды тұлғалар белгіленген мемлекеттік квоталар шегінде жүргізеді.

2. Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды өндіретін, дайындайтын, қайта өңдейтін заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен міндетті тіркеуге жатады.

Ескерту. 10-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.12.20 № 13 (01.01.2005 бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.03.02 № 130 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 27.12.2018 № 205-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

11-бап. Дайындалған есірткі және психотроптық заттарды буып-түю

1. Медициналық мақсаттарға пайдаланылатын есірткі және психотроптық заттардың әрбір сериясы үшін тұтыну бумаларын таңбалау бірыңғай болуға және Қазақстан Республикасының дәрілік заттар туралы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

2. Құрамында Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар тізімінде санамаланған заттар бар дәрілік

заттарды таңбалау кезінде осы заттардың атауы және олардың салмақ бірлігімен немесе пайызбен құрамы көрсетіледі.

3. алып тасталды

4. Есірткі және психотроптық дәрілік заттардың буып-түйілуі мен жазбалары сәйкес келуге тиісті шарттар бұзылған жағдайда есірткі және психотроптық заттар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес алынып қойылады.

Ескерту. 11-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2002.05.31 № 327, 2006.12.29. № 209; 27.12.2018 № 205-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

12-бап. Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелу, Қазақстан Республикасының аумағынан әкету және олардың Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиті

1. Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелуді және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуді осы қызмет түріне лицензиясы бар заңды тұлғалар жүзеге асырады.

2. Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан осы елдерге әкету есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар айналымы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган беретін лицензия негізінде жүзеге асырылады.

Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды Кеден одағына мүше мемлекеттерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды Қазақстан Республикасының аумағынан Кеден одағына мүше мемлекеттерге әкету есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган беретін рұқсат негізінде жүзеге асырылады.

Әкелуге немесе әкетуге берілген лицензияны есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымы саласындағы көрсетілген қызметке арналған лицензиясының болуына қарамастан, басқа заңды тұлғаға беруге болмайды.

3. Жүктің әрбір тобына есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды әкетуге арналған лицензияның куәландырылған көшірмесі қоса беріледі, ол да жүк апарылатын елдің үкіметіне жіберіледі.

4. Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан әкету есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды импорттаушылар мен экспорттаушылардың арасында әкелу және әкету сертификаттарын алмасу арқылы экспорт сертификатына нақты тобының түскені туралы және әкелу немесе әкету операциясының аяқталғаны туралы белгі қойыла отырып, жүзеге асырылады.

5. Егер есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың әкелініп (әкетіліп) отырған нақты мөлшері лицензияда көрсетілген мөлшерге сәйкес келмесе, бұл туралы мәліметтер әкелінген (әкетілген) елдің тиісті құзыретті органына хабарланады.

6. Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды әкелуді (әкетуді) жүзеге асыратын кәсіпорындардың атаулары мен мекен-жайлары, осы заттардың тізбесі мен мөлшері дәл көрсетілмейінше, есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге тыйым салынады.

7. Қазақстан Республикасының аумағы арқылы есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар транзитін заңды тұлғалар есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар айналымы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган берген рұқсат негізінде, сондай-ақ осы Заңның 28-бабында көзделген жағдайларда жүзеге асырады.

Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар транзитін жүзеге асыру жағдайлары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен айқындалады.

8. Осы бапта белгіленген талаптар бұзылған жағдайда есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тәркіленуге тиіс. Тәркіленген есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды одан әрі пайдаланудың немесе жоюдың тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленеді.

Ескерту. 12-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2002.05.31 № 327, 2006.12.29 № 209, 21.06.2013 № 107-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.12.2017 № 124-VI (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 27.12.2018 № 205-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

13-бап. Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды тасымалдау, жөнелту

1. Халықаралық тасымалдауды қоса алғанда, есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды тасымалдау, сондай-ақ осы үшін қажетті құжаттарды ресімдеу тәртібі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

2. Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар жүкті тасымалдауды ішкі істер органдарымен келісе отырып, әскерилендірілген күзет немесе басқа күзет қызметтері жүзеге асырады.

3. Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды Қазақстан Республикасының аумағында тасымалдауды жүзеге асыру құқығы заңды тұлғаларға есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымы саласындағы осы қызмет түріне тиісті лицензиялар алғаннан кейін беріледі.

4. Жеке тұлғалар растайтын құжат болған кезде медициналық көрсеткіштер бойынша жеке қолдану үшін құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік препараттарды Қазақстан Республикасының аумағына әкелуді және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуді жүзеге асыра алады. Растайтын құжаттың нысанын есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен

прекурсорлар айналымы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен келісу бойынша денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

5. Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды почта, соның ішінде халықаралық почта жөнелтілімдерімен жіберуге тыйым салынады.

Ескерту. 13-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2002.05.31 № 327, 2006.03.02 № 130 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 21.06.2013 № 107-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2018 № 205-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

14-бап. Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды сақтау

1. Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды сақтау Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен осы қызмет түріне берілген лицензияның негізінде арнайы жабдықталған үй-жайларда жүзеге асырылады.

2. Осы Заңда белгіленген шектеулер заңсыз айналымнан алынған және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары белгілеген тәртіппен сақтаулы тұрған есірткі, психотроптық заттарға, сол тектестер мен прекурсорларға қолданылмайды.

15-бап. Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды сату және бөлу

1. Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды сатуды және бөлуді Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес осы қызмет түрлеріне берілген лицензиясы болған кезде заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге асырады.

2. Азаматтарға құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік препараттарды босату тәртібін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

3. Азаматтарға құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік препараттарды тиісті қызмет түрлеріне лицензиялары бар денсаулық сақтау субъектілері босатуы мүмкін. Азаматтарға құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік препараттарды босату құқығы берілген лауазымдар мен ұйымдар тізбесін есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар айналымы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен және ветеринария саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы мемлекеттік орган айқындайды.

4. Құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік препараттар азаматтарға рецепт бойынша ғана тек медициналық мақсатта пайдалану үшін, оларды осы мақсаттарға пайдалануға лайықты нысандар мен мөлшерде тағайындалады және босатылады.

5. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар, медициналық мақсаттарда пайдаланылатын, Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар

тізіміне енгізілген нақты дәрілік препараттардың ең ұзақ тағайындалу мерзімдерін, сондай-ақ олардың бір рецептпен жазып беру мен босатуға болатын мөлшерін айқындайды.

6. Алып тасталды – ҚР 02.03.2006 № 130 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 15-бапқа өзгерістер енгізілді – ҚР 20.12.2004 № 13 (01.01.2005 бастап қолданысқа енгізіледі); 02.03.2006 № 130 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 27.12.2018 № 205-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.01.2025 № 150-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

16-бап. Есірткі және психотроптық заттарды медициналық мақсатта пайдалану

1. Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар айналымы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен келісу бойынша белгілеген тәртіппен медициналық мақсаттарда пайдаланылуы мүмкін.

2. Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар тізіміне енгізілген, медициналық мақсаттарда пайдалануға рұқсат етілген дәрілік препараттарға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген барлық дәрілік заттарға қолданылатын ережелер, егер бұл ережелер осы Заңға қайшы келмесе, қолданылады.

3. Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар тізіміне енгізілген есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды медициналық мақсаттарда қолдану Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

4. Денсаулық сақтау ұйымдары мен дәріхана ұйымдарында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына бақылау жасауды денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

5. Құрамында Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар тізіміне енгізілген есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік препараттарды қолдану құқығы азаматтық мақсаттағы санитариялық көлікке қолданылады. Көрсетілген құқықты азаматтық мақсаттағы көліктің басқа түрлерінде заңсыз іске асыру Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жауаптылыққа алып келеді.

6. Құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар, шұғыл жағдайларда алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету үшін ғана пайдаланылатын, Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар тізіміне енгізілген дәрілік препараттар:

1) амбулаториялық, стационарлық, стационарды алмастыратын жағдайларда, үйдегі стационарларда, мобильдік бригада, жедел медициналық жәрдем бригадасы шақырылған кезде, медициналық авиациямен тасымалдаған кезде, сондай-ақ медициналық пойыздарда, жылжымалы (далалық) медициналық кешендерде, далалық госпитальдарда, трассалық медициналық-құтқару пункттерінде;

2) тактикалық сабақтарға (жүзу ауданына) және даладағы (теңіздегі) оқу-жаттығуларға шығу кезінде жауынгерлік машиналарда (корабльдерде);

3) ұшуды орындау кезінде ұшу аппараттарындағы ұшқыштың дәрі қобдишасында;

4) мемлекеттік мекемелердің, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың кезек күттірмейтін көмек шкафтарында (қаттағыштарында) болуы мүмкін.

Оларды қолдануға рұқсатты және есепке алу тәртібін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар айналымы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша белгілейді.

7. Осы баптың 6-тармағында аталған рұқсатта бұл дәрілік заттарды орынсыз пайдалануға және олардың заңсыз жолдармен таралып кетуіне жол бермеу мақсатында қолданылуы тиіс шаралар белгіленеді. Рұқсатта экипаж құрамынан осы дәрілік заттар сеніп тапсырылатын адамдар, олардың сақталу шарттары, оларды босатудың, алмастырудың тіркелуі, сондай-ақ оларды пайдалану туралы есеп берудің кезеңдері көрсетіледі.

8. Дәрілік препараттарды осы баптың 7-тармағына сәйкес оқыс оқиғалар мен төтенше жағдайларда пайдалану осы Заңның азаматтарға есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды босатудың тәртібі туралы ережелерін бұзу деп қаралмайды.

Ескерту. 16-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2002.05.31 № 327, 2004.12.20 № 13 (01.01.2005 бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.03.02 № 130 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2018 № 205-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.01.2025 № 150-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

17-бап. Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды мал дәрігерлігінде пайдалану

1. Мал дәрігерлігінде, сондай-ақ жануарларды аулау үшін пайдаланатын есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

2. Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды ветеринарияда пайдалану шарттары мен тәртібін ветеринария саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша

есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар айналымы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган айқындайды.

Ескерту. 17-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2002.05.31 № 327, 2004.12.20 № 13 (01.01.2005 бастап қолданысқа енгізіледі); 27.12.2018 № 205-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

18-бап. Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестер мен прекурсорларды ғылым және оқу мақсаттарында пайдалану

Ескерту. 18-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2014 № 227-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестер мен прекурсорларды ғылым және оқу мақсаттарында пайдалану есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестер мен прекурсорларды пайдалануға байланысты қызметке лицензия алған заңды тұлғаларға осы лицензияда дәл көрсетілген мөлшерде рұқсат етіледі.

Ескерту. 18-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2014 № 227-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

19-бап. Есірткі және психотроптық заттарды, сол тектестерді, прекурсорларды сараптама және криминалистика қызметінде пайдалану

Ескерту. 19-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2014 № 227-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Осы Заңның 18-бабында көрсетілген лицензиясы бар заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген сот-сараптама қызметін жүзеге асырудың өзге де талаптары сақталған жағдайда есірткі заттар мен прекурсорларды пайдалана отырып не соңғысын анықтау үшін сараптама жүргізуге рұқсат етіледі. Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестер мен прекурсорларды пайдалана отырып не соңғыларын анықтау үшін сот сараптамасы мемлекеттік органының сараптама жүргізуі, сондай-ақ ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдарының жедел-криминалистік бөлімшелерінің криминалистік зерттеулер жүргізуі лицензиялаусыз жүзеге асырылады

Ескерту. 19-бап жаңа редакцияда - ҚР 2000.05.05 № 47, өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2014 № 227-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

20-бап. Есірткіні, психотроптық заттарды, сол тектестер мен прекурсорларды қарсы барлау және жедел-ізвестіру қызметінде пайдалану

Жедел-ізвестіру, қарсы барлау қызметін жүзеге асыратын органдарға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жедел-ізвестіру, қарсы барлау іс-шараларын жүргізу кезінде, сондай-ақ олардың заңсыз айналымына қарсы күресті жүзеге асыратын қызметкерлер мен жеке құрамды арнайы даярлау және қызметтік иттерді үйрету кезінде есірткіні, психотроптық заттарды, сол тектестер мен прекурсорларды пайдалануға рұқсат етіледі.

Есірткіні, психотроптық заттарды, сол тектестер мен прекурсорларды осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген мақсаттарда сатып алу мен жұмсау тәртібі жедел-іздістіру, қарсы барлау қызметін жүзеге асыратын органдардың нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

Ескерту. 20-бап жаңа редакцияда - ҚР 28.12.2016 № 36-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін екі ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

21-бап. Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестер мен прекурсорларды жою

Ескерту. 21-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2014 № 227-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Айналымда одан әрі пайдалану орынсыз деп танылған есірткі заттар, психотроптық заттар, сол тектестер, прекурсорлар мен құрамында есірткі заттар бар өсімдік тектес заттар, сондай-ақ аспаптар мен жабдықтар Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен жойылуға тиіс.

2. Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестер мен прекурсорларды жою:

1) есірткінің, психотроптық заттар мен прекурсорлардың жарамдылық мерзімі өткен;

2) есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар химиялық немесе физикалық әсерге ұшырап, соның салдарынан қайта қалпына келтіру немесе қайта өңдеу мүмкіндігінен айрылып, жарамсыз болған;

3) тәркіленген, табылып заңсыз айналымнан шығарылып тасталған есірткі, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорлардың медициналық, ғылыми немесе өзге де құндылығы болмаған және қайта өңделмейтін жағдайларда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайларда жүзеге асырылуы мүмкін.

3. Құрамында есірткі және психотроптық заттар бар өсімдіктерді өсіруге және жинауға лицензиясы жоқ кез келген заңды тұлға, осы өсімдіктер өсетін жер учаскелерінің иелері немесе пайдаланушылары болып табылатын азаматтар оларды жоюға міндетті.

4. Осы баптың 3-тармағының талаптарын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа әкеп соғады.

Ескерту. 21-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2006.03.02 № 130 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 03.07.2014 № 227-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

22-бап. Құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар өсімдіктерді өсіру мен жинау

1. Құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар өсімдіктерді өсіру мен жинауға және оларды өнеркәсіптік, медициналық, оқу және ғылыми мақсаттар

үшін пайдалануға қызметтің осы түріне лицензиясы бар заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мемлекеттік квотадан аспайтын көлемде рұқсат беріледі.

2. Қазақстан Республикасының аумағында есірткілік дәрілік заттар дайындау мақсатында апиын көкнәрін, кокаин бұтасы мен каннабис (сора) өсіруге және жинауға осы Заңның 18-бабында көзделгеннен басқа жағдайларда тыйым салынады.

3. Қазақстан Республикасының аумағында құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар басқа да өсімдіктерді өсіру мен жинауға тыйым салу туралы шешімді Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды.

4. Алып тасталды – ҚР ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5. Есірткі және психотроптық заттарды өндірумен немесе дайындаумен байланысты емес өнеркәсіптік мақсаттарда өсіруге рұқсат етілген сора (каннабис) өсімдігінің сұрыптарын Қазақстан Республикасының Үкіметі агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органның есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар айналымы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен, денсаулық сақтау және өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру саласындағы уәкілетті органдармен келісілген ұсынысы бойынша айқындайды.

6. Есірткі және психотроптық заттарды өндірумен немесе дайындаумен байланысты емес өнеркәсіптік мақсаттарда өсіруге рұқсат етілген сора (каннабис) өсімдігіндегі тетрагидроканнабинолды өсіру шарттарына және оның жол берілетін құрамын айқындауға қойылатын талаптарды Қазақстан Республикасының Үкіметі агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органның есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар айналымы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен, денсаулық сақтау және өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру саласындағы уәкілетті органдармен келісілген ұсынысы бойынша белгілейді.

7. Есірткі және психотроптық заттарды өндірумен немесе дайындаумен байланысты емес өнеркәсіптік мақсаттарда өсіруге рұқсат етілген сора (каннабис) өсімдігінің сұрыптарын өнеркәсіптік қайта өңдеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру саласындағы уәкілетті органның агроөнеркәсіптік кешенді дамыту және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органдармен келісілген ұсынысы бойынша айқындайды.

Ескерту. 22-бапқа өзгерту енгізілді – ҚР 2006.03.02 № 130 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2025 № 203-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

23-бап. Прекурсорлар айналымының тәртібі

1. Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар тізіміне енгізілген прекурсорларды әзірлеу, өндіру, қайта өңдеу, сақтау, тасымалдау, жөнелту, өткізу, бөлу, сатып алу, пайдалану, Қазақстан Республикасының аумағына әкелу, Қазақстан Республикасының аумағынан әкету, Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеу осы Заңмен және оған сәйкес қабылданатын Қазақстан Республикасының прекурсорлар, сондай-ақ есірткі және психотроптық заттарды өндіру үшін пайдаланылатын аспаптар мен жабдықтар туралы нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

2. Заңды тұлғаларға өздерінің өндірістік мұқтаждарынан артық мөлшердегі прекурсорларды сақтауға тыйым салынады.

3. Бөлшек сауда жасайтын заңды тұлғаларға прекурсорларды көтерме сатуға тыйым салынады.

4. Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар тізіміне енгізілген заттардың бірі есірткі немесе психотроптық заттарды заңсыз дайындау мақсатында пайдалануға арналғандығына дәлелдемелер болған жағдайларда, прекурсорларға сот Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны одан әрі пайдалану туралы шешім қабылдағанға дейін дереу тыйым салынады.

Ескерту. 23-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.12.2018 № 205-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

24-бап. Есірткі, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорлардың айналымы саласындағы насихатқа тыйым салу және жарнаманы шектеу

1. Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестер мен прекурсорларды насихаттауға, яғни айқындалмаған адамдар тобында есірткі, психотроптық заттардың, сол тектестердің заңсыз айналымына және заңсыз тұтынылуына оң немесе төзімді көзқарас қалыптастыруға бағытталған, ұсынылу нысаны мен тәсіліне қарамастан, есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер, прекурсорлар туралы, оларды әзірлеу, дайындау және пайдалану тәсілдері, әдістері туралы, есірткі, психотроптық заттар мен сол тектестердің жекелеген түрлерін пайдаланудың артықшылықтары туралы және пайдасы туралы кез келген мәліметтерді таратуға немесе осы мақсаттарда өзге де әрекеттер жасауға тыйым салынады.

2. Қазақстан Республикасында бақылануға жататын есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар (I кесте), сондай-ақ прекурсорлар (IV кесте) тізіміне енгізілген есірткі және психотроптық заттарды, сол тектестерді жарнамалауға, яғни айқындалмаған адамдар тобына арналған және есірткі және психотроптық заттарға, сол тектестерге қызығушылықты қалыптастыруға немесе қолдауға және олардың заңсыз тұтынылуы мен өткізілуіне ықпал етуге арналған, оларды сатып алу орындары немесе тәсілдері, сапасы, бағасы және олардың өзге де қасиеттері туралы, кез келген құралдардың көмегімен кез келген нысанда кез келген жерде таратылатын және (немесе) орналастырылатын ақпаратқа тыйым салынады.

Қазақстан Республикасында бақылануға жататын есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар (II және III кестелер) тізіміне енгізілген есірткі және психотроптық заттарды, сол тектестерді жарнамалау медицина және фармацевтика жұмыскерлеріне арналған мамандандырылған баспасөз басылымдарында ғана жүзеге асырылуы мүмкін. Құрамында есірткі немесе психотроптық заттар, сол тектестер бар дәрілік препараттардың үлгілерін жарнамалау мақсатында таратуға тыйым салынады.

3. Осы бапта белгіленген нормаларды бұзу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа алып келеді.

Ескерту. 24-бап жаңа редакцияда – ҚР 27.12.2019 № 292-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

25-бап. Есірткі, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорлардың заңсыз айналымына және теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары

Ескерту. 25-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2014 № 227-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Есірткінің, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорлардың заңсыз айналымына және олардың теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимылды ұйымдастыру, оның ішінде Жерді қашықтан зондтау деректерін пайдалана отырып ұйымдастыру Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Есірткі, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы күресті өздеріне берілген өкілеттіктер шегінде Қазақстан Республикасының тиісті уәкілетті органдары жүзеге асырады.

3. Есірткі, психотроптық заттардың, сол тектестердің, прекурсорлардың заңсыз айналымына және теріс пайдаланылуына қарсы күресті үйлестіруді есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар айналымы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады.

Ескерту. 25-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2002.05.31 № 327; 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 03.07.2014 № 227-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 08.04.2016 № 490-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 21.12.2022 № 167-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

26-бап. Есірткі, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорлардың заңсыз айналымынан түскен табысты заңдастыру үшін жауаптылық және пайдалану

Ескерту. 26-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2014 № 227-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Табысты заңдастыру: есірткі, психотроптық заттардың, сол тектестердің және прекурсорлардың заңсыз айналымынан алынған ақшалай қаражаттың немесе өзге мүліктің не мүлікке құқықтың көздері мен шығу тегін, тұрған, орналасқан, қозғалыстағы жерін немесе шын мәнінде кімдікі екенін жасыру немесе бұрмалау,

сондай-ақ осындай ақшалай қаражатты немесе өзге мүлікті кәсіпкерлік немесе өзге экономикалық қызметпен шұғылдану үшін пайдалану; есірткі психотроптық заттардың, сол тектестердің немесе прекурсорлардың заңсыз айналымынан түскен ақша қаражатын меншік нысандарына қарамастан, банкілерде, кәсіпорындарда және басқа құрылымдарда орналастыру немесе осындай қаражатқа өндіру және басқа да қажеттер үшін жабдықтар сатып алу, немесе мұндай қаражат пен мүлікті, есірткінің, психотроптық заттардың, сол тектестердің немесе прекурсорлардың заңсыз айналымын жалғастыру мақсатымен пайдалану заңды және жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылығына апарып соғады.

Ескерту. 26-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2000.05.05 № 47, 03.07.2014 № 227-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

27-бап. Көлік құралдарын, жүктерді және азаматтардың жеке заттарын тексеру

1. Көлік құралын, ондағы жүкті, жүргізуші мен жолаушылардың жеке заттарын тексеруді Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес мемлекеттік органдардың (мемлекеттік органдардың бөлімшелерінің) осыған уәкілетті лауазымды адамдары жүзеге асырады.

2. Есірткі, психотроптық заттарға, сол тектестерге немесе прекурсорларға жатады деген күдік тудыратын заттар табылған кезде және одан әрі тексеру қажет болса, сондай-ақ жүргізушіде немесе жолаушыларда есірткіге мас болу белгілері байқалса, көлік пен аталған адамдар қажетті мән-жайларды анықтау үшін құқық қорғау органдарына жеткізілуі мүмкін.

3. Көлікті, ондағы жүкті, жүргізуші мен жолаушыларды негізсіз тексерген, сондай-ақ аталған адамдар мен көлікті құқық қорғау органдарына негізсіз алып барған жағдайда, мұндай адамдар өзіне келтірілген материалдық және моральдық залалды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес толық өтеттіріп алуға құқылы.

28-бап. Бақыланатын жеткізу

1. Жедел-ізвестіру, қарсы барлау қызметін жүзеге асыру құқығы берілген Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары есірткіні, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорлардың заңсыз айналымының көздері мен жолдарын, сондай-ақ осыған қатысатын адамдарды анықтау мақсатында, әрбір жекелеген жағдайда шет мемлекеттердің тиісті органдарымен уағдаластық бойынша немесе халықаралық шарттар негізінде бақыланатын өнім беру әдісін пайдалануы, яғни осы органдардың бақылауымен есірткіні, психотроптық заттарды, сол тектестер мен прекурсорларды мемлекет аумағына әкелуге немесе шетелге әкетуге, транзиттеуге жол беруі мүмкін.

2. Бақыланатын жеткізу мемлекет аумағы шегінде жүзеге асырылатын есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорларды заңсыз тасымалдауға және жөнелтуге қатысты да пайдаланылуы мүмкін.

3. Бақыланатын жеткізу ісін жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен және халықаралық шарттармен белгіленеді.

Ескерту. 28-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 28.12.2016 № 36-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін екі ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

29-бап. Бақылау мақсатында сатып алу

1. Есірткінің, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорлардың заңсыз айналымына байланысты қылмыстық әрекетке дәлелдемелер, барлау-нұқсан келтіру іс-қимылының белгілері мен фактілерін алу үшін жедел-ізвестіру, қарсы барлау қызметін жүзеге асыратын органдар қызметкерлерінің өз құзыреті шегінде есірткіні, психотроптық заттарды, сол тектестер мен прекурсорларды бақылау мақсатында сатып алуды жүргізуге құқығы бар.

2. Бақылау мақсатында сатып алуды жүргізудің тәртібі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде айқындалады.

Ескерту. 29-бап жаңа редакцияда - ҚР 2006.03.02 № 130 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 28.12.2016 № 36-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін екі ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

30-бап. Заңды тұлғаны тарату

1. Азаматтар жаппай болатын жерлерде қызмет көрсететін ұйымдарда есірткі, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорлардың заңсыз айналымы фактілері туралы мәліметтер анықталған жағдайда мұндай ұйым соттың шешімі бойынша тартылуға тиіс, ал кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапқа тартылады.

2. Есірткі, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорлардың заңсыз айналымы нәтижесінде алынған кірістерді заңдастыру (ізін жасыру) мақсатында заңды тұлғаның қаржы операциясын жүзеге асыру фактісі анықталған жағдайда аталған заңды тұлға сот шешімі бойынша таратылуы мүмкін, ал оның басшылары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

3. Есірткі, психотроптық заттардың, сол тектестердің және прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимылды жүзеге асыруға уәкілетті мемлекеттік органдар, осы баптың 1 және 2-тармақтарында көзделген жағдайларда, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен сотқа заңды тұлғаны тарату туралы талап-арыз қоюға құқылы.

Ескерту. 30-бап өзгерту енгізілді - ҚР 2000.05.05 № 47, 03.07.2014 № 227-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

31-бап. Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді, прекурсорларды тәркілеу

1. Заңсыз айналымдағы есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер, прекурсорлар, оларды заңсыз әзірлеуге пайдаланылатын заттар, аспаптар мен жабдықтар, сондай-ақ есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер, прекурсорлардың заңсыз айналымына

пайдаланылатын мүлік пен ақша қаражатын не олардың заңсыз айналымы нәтижесінде алынған табыс тәркіленуге және заңда белгіленген тәртіппен мемлекет кірісіне алынуға тиіс.

2. Заңсыз айналымда пайдаланылған, тәркілеуге жататын, заңды айналымда әрі қарай қолдану соттың шешімі бойынша жөнсіз деп танылған есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар, сондай-ақ оларды әзірлеуге арналған заттар, аспаптар мен жабдықтар заңда белгіленген тәртіппен жойылуға тиіс.

3-тарау. Психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдарға медициналық-санитариялық көмек көрсету

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР 07.07.2020 № 361-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

32-бап. Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді тұтынатын адамдарды анықтау

1. Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары мен өзге де уәкілетті мемлекеттік органдарына немесе денсаулық сақтау органдарына ұйымдардан немесе жекелеген азаматтардан есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді заңсыз тұтынады не есірткіге масаң күйде деген ақпарат түскен адам медициналық куәландырылуға жатады.

2. Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді заңсыз тұтыну фактісі куәлардың айғақтары негізінде, сондай-ақ есірткіге масаю белгілері және медициналық куәландыру нәтижелері, сондай-ақ зерттеп-қаралатын адам организмінде есірткі, психотроптық заттардың, сол тектестердің бар-жоғына тестілеулер болған кезде анықталады.

3. Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді заңсыз тұтыну салдарынан есірткіге масаю фактісін анықтау медициналық куәландыру (зерттеп-қарау) жүргізу жөніндегі міндет жүктелген дәрігердің құзыреті болып табылады, ал "психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылық (ауру)" диагнозын дәрігерлік-консультативтік комиссия анықтайды.

4. Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді заңсыз тұтынатын адамдарды анықтау мен есепке қою тәртібі денсаулық сақтау, ішкі істер мәселелерін реттейтін уәкілетті органдардың, Қазақстан Республикасының өзге де уәкілетті органдарының нормативтік құқықтық актілерімен айқындалады.

Ескерту. 32-бап жаңа редакцияда - ҚР 03.07.2014 № 227-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 07.07.2020 № 361-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

32-1-баппен толықтыру көзделген – ҚР 19.05.2026 № 291-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

33-бап. Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестердітеріс пайдаланатын адамдарды медициналық куәландыру және медициналық зерттеп-қарау

Ескерту. 33-баптың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 03.07.2014 № 227-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

1. Медициналық куәландыру - құқық қорғау органдары қызметкерлерінің жолдамасы бойынша, ал медициналық тексеру нарколог-дәрігердің жолдамасы бойынша жүргізіледі. Медициналық куәландырудан немесе медициналық тексеруден жалтаратын адам наркологиялық мекемеге әкелінуге тиіс.

2. Медициналық куәландыру мен медициналық тексеру жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарының нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

Ескерту. 33-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2014 № 227-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

34-бап. Психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдарды мәжбүрлеп емдеу

Өз еркімен емделуден жалтарып жүрген, психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдарды мәжбүрлеп емдеу мәселелері, адамның психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар деп тану тәртібі және оны психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымға емдеуге жіберу негіздері, мәжбүрлеп емдеуді тоқтату негізі мен тәртібі, психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдарды есепке алу және демеп емдеуді жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында регламенттеледі.

Ескерту. 34-бап жаңа редакцияда – ҚР 07.07.2020 № 361-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

35-бап. Психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдарға медициналық-санитариялық көмек көрсету қағидаттары

1. Психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдарға медициналық-санитариялық көмек психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтар (аурулар) профилактикасын, адамдарды зерттеп-қарауды, бұзушылықтар диагностикасын, психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтарынан (ауруларынан) зардап шегетін адамдарды

емдеуді, күтуді, медициналық-әлеуметтік оңалтуды қамтиды және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдарға медициналық-санитариялық көмекке мемлекет кепілдік береді және ол заңдылық, ізгілік және адам мен азаматтың құқықтарын сақтау қағидаттары негізінде жүзеге асырылады.

3. Психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдарға медициналық-санитариялық көмек адам психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымға медициналық көмекке өз еркімен жүгінген кезде көрсетіледі. Кәмелетке толмаған адамға, сондай-ақ сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адамға медициналық-санитариялық көмек олардың заңды өкілдерінің келісімімен Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен көрсетіледі.

4. Өз еркімен емделуден жалтарып жүрген, психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымдарда мәжбүрлеп емдеуге жатады.

5. Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған, психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдарға медициналық-санитариялық көмек Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негізде және тәртіппен көрсетіледі.

6. Ерікті стационарлық емдеу кезеңінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамға - еңбекке уақытша жарамсыздығы туралы парақ, ал емдеу аяқталғаннан кейін оның өтініші бойынша емдеу мақсаты көрсетілген анықтама беріледі.

7. Емдеу курсынан өту үшін психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымға өз еркімен жүгінген адамға оның өтініші бойынша жасырын емдеу қамтамасыз етіледі. Мұндай емдеу туралы мәліметтер осы адам қылмыстық немесе әкімшілік жауаптылыққа тартылған жағдайда, тек қана ішкі істер органдары мен өзге де мемлекеттік органдарға берілуі мүмкін.

Ескерту. 35-бап жаңа редакцияда – ҚР 07.07.2020 № 361-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).
36-бап. Психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдарға медициналық-санитариялық көмек көрсету құқығы бар жеке және заңды тұлғалар

1. Психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдарға Қазақстан Республикасында медициналық-санитариялық көмекті осы қызметпен айналысуға тиісті лицензиясы бар жеке және заңды тұлғалардың ғана көрсетуге құқығы бар.

2. Психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдарға медициналық-санитариялық көмек көрсету жөніндегі қызметке лицензия беру тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленеді.

3. Психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдарға психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымдар жүзеге асыратын медициналық-санитариялық көмек түрлері жарғылық құжаттар мен лицензияларда көрсетіледі. Олар туралы ақпарат тілек білдірушілердің бәріне беріледі.

Ескерту. 36-бап жаңа редакцияда – ҚР 07.07.2020 № 361-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

37-бап. Медициналық-санитариялық көмекті қаржыландыру

Психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдарға медициналық-санитариялық көмек көрсететін мемлекеттік ұйымдарды қаржыландыру бюджет қаражаты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен жүзеге асырылады.

Ескерту. 37-бап жаңа редакцияда – ҚР 07.07.2020 № 361-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4-тарау. Қорытынды ережелер

38-бап. Қазақстан Республикасының есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

Ескерту. 38-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР 27.12.2018 № 205-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

Әкімшілік және қылмыстық жауаптылыққа тарту кезінде Қазақстан Республикасында бақылау жасалуға тиісті Есірткі, психотроптық заттар мен

прекурсорлардың тізімі және Заңсыз айналымда жүргені анықталған есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестер мен прекурсорларды шағын, ірі және өте ірі мөлшерге жатқызу туралы жиынтық кесте қолданылады.

Ескерту. 38-бап жаңа редакцияда - ҚР 2002.05.31 № 327; өзгерістер енгізілді – ҚР 2006.12.29 № 209, 03.07.2014 № 227-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 27.12.2018 № 205-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

"Есірткі, психотроптық заттар,
прекурсорлар және олардың
заңсыз айналымы мен теріс
пайдаланылуына қарсы
іс-қимыл
шаралары туралы" 1998 жылғы
10 шілдедегі № 279-I
Қазақстан Республикасының
Заңына
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша алып тасталды - ҚР 27.12.2018 № 205-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Есірткі, психотроптық заттар,
прекурсорлар және олардың
заңсыз айналымы мен теріс
пайдаланылуына қарсы
іс-қимыл
шаралары туралы" 1998 жылғы
10 шілдедегі № 279-I
Қазақстан Республикасының
Заңына
2-қосымша

Ескерту. 2-қосымша алып тасталды - ҚР 27.12.2018 № 205-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

*Қазақстан Республикасының
Президенті*